**Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлықпен күресу жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама туралы**

***Күшін жойған***

Астана қаласы мәслихатының 2003 жылғы 12 тамыздағы N 253/49-II шешімі. Астана қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 19 тамызда N 287 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 326/40-III шешімімен

*Ескерту: Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 326/40-III шешімінен Үзінді:*

*Астана қаласы мәслихаты ШЕШТІ:*

*Астана қаласы мәслихатының 2003 жылғы 12 тамыздағы N 253/49-II "Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлықпен күресу жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 287 болып тіркелген, "Астана хабары" газетінің 2003 жылғы 4 қыркүйекте жарияланған) күші жойылды деп танылсын.*

*Астана қаласы мәслихаты сессиясының төрайымы*

*Астана қаласы мәслихатының хатшысы*

---

Астана қаласының әкімдігі ұсынған Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлықпен күресу жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны қарап, Қазақстан Республикасы Конституциясының 86-бабын және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-II Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып Астана қаласының мәслихаты былай деп шешті:

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлықпен күресу жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.

*Астана қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы*

*Астана қаласы мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы*

**Астана қаласы мәслихатының "2003-2005 жылдарға арналған Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасы туралы" шешімі**

**жобасына**
**келісу парағы**

*Астана қаласы "Сарыарқа" ауданының әкімі*

*Астана қаласы "Алматы" ауданының әкімі*

*Астана қаласының прокуроры*

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Астана қаласы бойынша департаментінің бастығы*

*Астана қаласы Ішкі істер бас басқармасының бастығы*

*Астана қаласы Қаржы департаментінің бастығы*

*Астана қаласы бойынша Әділет басқармасының бастығы*

*Астана қаласы бойынша Кеден басқармасының бастығы*

*Астана қаласы бойынша Салық комитетінің төрағасы*

*Астана қаласы бойынша Қаржы полициясы департаментінің бастығы*

*Астана қаласы бойынша Ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бастығы*

*Астана қаласы бойынша Қаржылық бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша басқармасының бастығы*

*Тәртіптік кеңес*

*Сәулет және қала құрылысы департаментінің директоры*

*Тұрғын үй департаментінің директоры*

*Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау агенттігінің төрағасы*

*Ішкі саясат департаментінің директоры*

*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі басқармасының бастығы*

*Базарлардағы сауданы ұйымдастыру және бір жолғы талондарды беру жөніндегі басқарманың бастығы*

*Коммуналдық меншік басқармасының бастығы*

*Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы*

*Сыртқы жарнама және қаланы безендіру басқармасының бастығы*

*Астана қаласының жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы*

*Астана қаласының Әскери комиссары*

*"Жылжымайтын мүлік" РМК директоры*

Астана қаласы мәслихатының
2003 жылғы 12 тамыздағы

N 253/49-II шешімімен бекітілген

## АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ 2003-2005 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЛАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

### 1. Бағдарлама төлқұжаты

Бағдарламаны атауы Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2003-2005 жылдарға арналған қалалық бағдарламасы

Бағдарламаны әзірлеу негіздемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 қаңтардағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 мамырдағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 сәуірдегі N 487 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы .

Бағдарламаны үйлестіруші Астана қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөлімі

Бағдарламаның» негізгі әзірлеушілері Астана қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөлімі, Астана қаласының Тәртіптік кеңесі, Астана қаласының прокуратурасы, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Астана қаласы бойынша басқармасы, Астана қаласының Ішкі істер бас басқармасы, Астана қаласының Әділет басқармасы, Астана қаласының Қаржы департаменті, Астана қаласы бойынша Қаржы полициясы департаменті, Астана қаласы бойынша Кеден басқармасы, Астана қаласының Әскери комиссариаты, Ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы (және Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес т.б.)

Бағдарламаның іске асырылу мерзімі 2003-2005 жылдар

Бағдарламаны қаржыландыру көздері Жергілікті бюджет қаражаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да көздер

## 2. Кіріспе

1. Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2003-2005 жылдарға арналған қалалық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 мамырдағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 сәуірдегі N 487 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысын іске асыруға бағытталған.

2. Осы Бағдарлама сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған жалпы мемлекеттік саясаттың бір бөлігі болып табылады. Астана мәртебесі Мемлекет басшысы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі қойған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі міндеттерді шешкен жағдайда ерекше жауапкершілік алады.

Сыбайлас жемқорлықтың залалы мен жағымсыз салдарлары көп салалы: материалдық және қаржы ресурстарын тиімсіз шығындаудан басқа демократиялық құндылықтардың беделін түсіреді, халықтың мемлекеттік аппаратқа сенімсіздігін өсіреді.

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік органдармен және азаматтық қауымдастық институттарымен тығыз қарым-қатынас жасап, кешенді негізде жүзеге асырылуы тиіс екендігі анық. Іс-әрекет нақты мақсаттары белгіленген ұзақ мерзімді бағдарламаларда біріктірілген.

2. Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2003-2005 жылдарға арналған қалалық бағдарламасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада белгіленген мынадай негізгі қағидаттарды сақтай отырып, ұйымдастырушылық іс-шаралар кешенін әзірлеуді және орындауды болжайды:

пәрменділік және нәтижелілік;

іске асырушылық (орындаушылық);

атаулы сипаты;

сабақтастығы;

тұрақтылығы;

жиынтығы;

жүйелілігі.

## 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жағдайын талдау

3. Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2003-2005 жылдарға арналған қалалық бағдарламасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы мақсатқа сай мемлекеттік саясат аталмыш проблеманы орнынан қозғалтқандай болды.

Құқық қорғау органдарының, арнайы қызметтің ескерту және алдын алу шараларын күшейту сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі жүргізу үшін мүмкіндік туғызады. Сыбайлас жемқорлықты төменгі деңгейге дейін төмендету.

Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес маңызды саяси, экономикалық және әлеуметтік салдарларға жетелейтін қауіпті салдарлардың бірі болып табылатын сыбайлас жемқорлықтың Қазақстанда өсу серпіні төмен.

Астана қаласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы айтатын болсақ, статистикалық серпін бар, тұрақты емес.

Мысалы: 2002 жылы қалада 59, ал 2001 жылы - 38 жемқорлық қылмыс тіркелген, сонымен жемқорлық қылмыс 2002 жылы 55 пайызды құрады, ол 2001 жылмен салыстырғанда 21 қылмысқа артық.

2003 жылдың 6 айы ішінде статистикалық мәліметтерді зерделеу 2003 жылдың аталған кезеңінде жасалған жемқорлық қылмыс санының төмендегені байқалады. Сонымен 2003 жылдың 6 айы ішінде 32 қылмыс, ал 2002 жылдың осындай кезеңі ішінде - 36 қылмыс тіркелген.

Бұл қалада жасалған жемқорлық қылмыс санының тұрақты өскенін немесе кемігендігін білдіреді.

Анықталған жемқорлық қылмыстар санының өсуі және кемуі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүргізетін құқық қорғау органдары мен басқа да органдардың жұмыстарының белсендеуі мен әлсіреуіне байланысты болуы мүмкін. Осы органдардың қызметінің белсендеуі тіркелетін қылмыстар санының өсуіне әсер етеді, ол статистикалық мәліметтерде теріс бейнеленеді. Бірақ, тіркелген қылмыстар санының артуы жемқорлық қылмыстарды анықтау жөніндегі жүргізілген жұмыстар тиімділігінің артқандығын білдіреді. Аталған органдардың енжарлығы анықталған және тіркелген қылмыстар санының төмендеуіне әсер етеді.

Ресми статистиканы талқылаған жағдайда жасырын (анықталмаған жемқорлық қылмыстар туралы) фактілер туралы ұмытпаған жөн.

4. Жемқорлық қылмыстың алдын алу мәселелерін қарай келе, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңын түсіндіру жөніндегі мемлекеттік органдардың жұмыстарын күшейтуді атап өту керек. Мемлекеттік аумақтық және жергілікті атқарушы органдар қызметкерлері өзінің қызметкерлері мен мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік және жеке

ұйымдардың қатысы бар қоғамдық бірлестіктер ұжымдарының арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері туралы дәрістер мен әңгімелесулер жүргізеді.

Көптеген мемлекеттік қызметкерлер осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әкімшілік мемлекеттік қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану Ережесін бекіту туралы" Жарлығы, Қазақстан Республикасының Бас прокурорының "Жемқорлық құқық бұзушылық субъектілерін, N 1-К нысанындағы жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды тіркеудің статистикалық карточкасын тіркеуді жүргізудің және пайдаланудың бірыңғай тәртібі туралы Нұсқаманы бекіту және іске енгізу туралы" Бұйрығы тәрізді нормативтік құқықтық актілерді білмейді және таныспаған. Қызметі рұқсат беруді жүзеге асырумен байланысты мемлекеттік қызметкерлердің этиканы бұзу тенденциялары бұрынғыдай сақталуда. Тұрғындарға қызмет көрсететін коммуналдық кәсіпорындар қызметіне тұрғындар тарапынан келіспеушіліктер туындайды. Тұрғындарға дөрекі қызмет көрсету жергілікті атқарушы өкіметке жағымсыз қарым-қатынас тудырады.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік этикасын сақтау мәселелері жөніндегі Комиссия мәжілісінің 2003 жылғы 23 мамырдағы хаттамасына сәйкес Алматы және Астана қалалары мен облыстар әкімдіктерінің жұмыстары жеткіліксіз деп танылды.

Комиссия Алматы және Астана қалалары мен облыстар әкімдеріне ұсынды:

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің аймақтық бағдарламаларын қайта қарап, оларды мәслихат сессиясында бекітсін;

аймақтық бағдарламалармен қарастырылған іс-шараларды орындау жөніндегі аумақтық мемлекеттік органдардың жұмысына бақылау деңгейін арттырсын;

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікпен бірлесе отырып, тәртіптік кеңестер қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз етсін;

Азаматтардың өтініштерімен жұмысты арттыру жөнінде шаралар қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік этикасын сақтау мәселелері жөніндегі Комиссия мәжілісінің аталған хаттамасына әзірленген шолуға сәйкес аймақтық бағдарламалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресудің 2001-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының идеясын толық қамтымаған.

7. Сонымен, мемлекеттік қызмет саласындағы жемқорлықты ескерту жөніндегі шаралар кешенінде бағдарламамен қарастырылған мына маңызды мәселелер қарастырылмаған:

жекелеген лицензиялық, рұқсат беру және тіркеу тәртіптерін ықшамдау;
мемлекеттік активтерді бөлу саласындағы заңнама нормаларының сақталуын күшейту;
мемлекеттік тапсырыстарды және сатып алуларды, жекешелендіру жөніндегі сауданы орналастыру жөнінде конкурс өткізу тәсілін жетілдіру.

## 4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

8. Бағдарламаның басты мақсаттары:
сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында бірыңғай тиімді мемлекеттік саясат жүргізу;
жемқорлық деңгейін, оның барлық өмір тіршілігі саласында пайда болуын төмендету;
қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін бекіту;
сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты тереңдету.
9. Мақсаттарды іске асыру үшін мынадай басымдылық міндеттерді шешу жоспарланып отыр:
құзыреттілігі аясында жемқорлық тудыратын жағдайларды жою үшін мемлекеттік қызмет мәселелері жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресудің құқықтық базасын жетілдіру;
мемлекеттік органдардың кәсіпкерлердің қызметіне заңсыз араласуын қысқарту;
мемлекеттік органдар жүзеге асыратын рұқсат беру тәртіптерін ықшамдау;
Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық базасын бекіту;
сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты насихаттауда және іске асыруда бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың ролін арттыру;
сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа халықтың қатысуын қамтамасыз ету;
халықаралық ұйымдармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыс тәжірибесімен алмасуды арттыру.

## 5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен механизмдері

10. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары:
1) экономикалық үдерістерді реттеу саласын қамтитын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің қажетті құралдарын қарастыратын жергілікті атқарушы органның және қала әкімінің актілерін әзірлеу және қабылдау;
2) мемлекеттік органдардың жемқорлықтың пайда болуын шектеуге бағытталған ұйымдастырушылық және тәжірибелік шаралардың ведомствоаралық жоспарларын әзірлеу;

3) бюджеттік тәртіпті бекіту, мемлекеттік сатып алулар туралы заңнаманың сақталуына бақылауды күшейту. Коммуналдық активтердің (акционерлік қоғамдардағы, жылжымайтын мүліктегі мемлекеттік үлестер және т.б.) тиімді пайдалануына бақылауды күшейту;

4) құқық қорғау органдарын (қолданыстағы заңнама аясында) материалдық-техникалық бекіту;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясатты насихаттау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаның іске асырылу барысы туралы азаматтарды тұрақты ақпараттандыру. Құқық қорғау органдарының бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қарым-қатынасын күшейту;

6) халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты күшейту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесі бойынша шетелдік мемлекеттік құрылымдардың жұмыс тәжірибесімен алмасу.

**6. Бағдарламаны іске асыру механизмі**

11. Барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2003-2005 жылдарға арналған қалалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Жоспар бойынша нақты шаралар, орындалу мерзімдері, жауапты құрылымдар, қаржыландыру көздері анықталады. Жоспар тармақтарын іске асыру кезінде үйлестіру және өзара қарым-қатынас жасау үшін негізгі атқарушылар мен қосарлас атқарушылар белгілеген мемлекеттік органдардың өкілдерінен жұмыс топтары құрылады.

12. Іс-шаралардың орындалуына кедергі келтіретін себептер туындаған кезде атқарушылар үйлестірушілердің келісімі бойынша Астана қаласының әкімдігіне оларды іске асыру мерзімдерін өзгерту немесе қала мәслихатының тиісті сессиясында одан әрі қарау үшін орындалуын тоқтату туралы ұсыныс енгізеді.

13. Бағдарламаның іске асырылуын бақылау Астана қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөлімі жүзеге асырады.

**7. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері**

14. Бағдарламаның қаржылық шығындарды қажет ететін іс-шараларын іске асыру жергілікті бюджет қаражаты және заңнамамен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қарастырылған.

**8. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер**

15. Күтілетін нәтиже:

мемлекеттік басқару органдарына қала тұрғындарының сенімін бекіту;

жергілікті атқарушы органдар жүргізген экономикалық саясаттың мөлдірлігін қамтамасыз ету;

мемлекеттік материалдық және қаржылық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру;

қала тұрғындарына құқықтық қызмет көрсету сапасын арттыру;
жоғары құқықтық деңгейі бар елорда ретінде астананың деңгейін көтеру;
мемлекеттік аппарат пен кәсіпкерлік қызмет субъектілері қызметкерлерінің арасында жемқорлықтың пайда болуына кедергілер келтіру;
құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың жемқорлықтарын төмендету;
әлеуметтік қауырттылықты төмендету, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты бекіту.

**2003-2005 жылдарға арналған Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

| Р/с N | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Орындалуына жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | 1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жағдайын талдау | | | |
| 1.1. | Әлеуметтік сауалнама. Сауалдамалар әзірлеп, оларға мемлекеттік органдар, мемлекеттік коммунал. дық кәсіпорындар, ше. телдік, отандық ком. мерциялық және коммер. циялық емес құрылымдар арасында басқа мемле. кеттік органдардағы жемқорлық деңгейі және жемқорлық тудыратын фактілер туралы сауалнама жүргізу | Сауалдама қорытындысы жөніндегі есеп | Ішкі саясат департаменті, Ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің басқармасы. | 2003 жылдың 4-тоқ. саны 2005 жылдың 3-тоқсаны |
| | 2. Құқық қорғау органдарын бекіту | | | |
| 2.1. | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиім. ділігін арттыру макса. тында құқық қорғау органдары іс-шаралар. дың ведомствоаралық | Іс-шаралар жоспары | ІІББ, ҰҚКД, ҚПД, Прокуратура, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік | 2003 жылдың 3-тоқсаны |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жоспарын әзірлеп, іске асырсын. | | қызмет істері жөніндегі агенттігінің басқармасы, қала әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөлімі. | |
| 2.2. | Сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталған іс-шаралардың ведомство. лық жоспарын әзірлеу. | Ведомстволық бұйрықтар | Мемлекеттік органдар | 2003 жылдың 3-тоқсаны |
| 2.3. | Қаланың ІІББ материал. дық-техникалық базасын нығайту | Әкімдікке ақпарат | ІІББ, Қаржы департаменті. | Жыл сайын бюджетті қалып. тастырған жағдайда |

## 3. Мемлекеттік қызмет саласындағы жемқорлықты ескерту

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3.1. | Заңнамаға қайшы келті. ретін басқару шешімде. рін және актілерін қабылдауды жою мақсатында заңды қыз. меттерді бекіту жө. ніндегі шараларды қабылдау | Әкімдікке ақпарат | Мемлекеттік органдар | 2003 жылдың тамызы |
| 3.2. | Жемқорлық құқық бұзу. шылық нәтижесінде жа. салған мәмілелердің және актілер мен іс-әрекеттердің күшін жою жөніндегі іс-шара. ларды әзірлеп, жүзеге | Әкімдікке ақпарат | Прокуратура, ІІББ, ҚПД, Қаржылық бақылау комитетінің басқармасы және | Тұрақты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | асырсын. | | Әділет басқармасы, ҰҚКД | |
| 3.3. | Лицензиялау тәртібін одан әрі оңтайландыру мақсатында жергілікті деңгейдегі лицензиялық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тізімін әзірлесін. | Мемлекеттік органдардың тізімі | Қала әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөлімі, Ішкі саясат департаменті. | 2003 жылдың қазаны |
| 3.4. | Лицензиялау тәртібін оңтайландыру жөнінде шаралар қабылдау. | Әкімдікке ақпарат | Әзірленген тізімге сәйкес мемлекеттік органдар (3.3-тармақ). | 2003 жылдың желтоқсаны |
| 3.5. | Бюджеттік қаражаттардың мақсатты шығындалуына бақылауды күшейту. | Әкімдікке ақпарат | Қаржылық бақылау комитетінің басқармасы, Прокуратура, ІІББ, ҚПД, ҰҚКД, Қаржы департаменті. | Тұрақты |
| 3.6. | Ұсынылған декларацияның толықтығын және дұрыстығын тексеруді жүзеге асырсын. | Әкімдікке ақпарат | Салық комитеті, ҚПД, Прокуратура, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің басқармасы. | Тұрақты |
| 3.7. | Лауазымды тұлғалардың шағын кәсіпкерлік | Әкімдікке ақпарат | Прокуратура, ІІББ, ҚПД, | Тұрақты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | субъектілерінің қызметіне заңсыз кедергі жасауын жою жөнінде қосымша шара. лар әзірлеу. | | ҰҚКД, КБ. | |
| 3.8. | Рұқсат құжаттарын алу тәртібін кеміту және азаматтардың өтініш. терін қарау мерзім. дерін азайту жөнінде шаралар қабылдау. | Әкімдікке ақпарат | Сәулет және қала құрылы. сы; Тұрғын үй; Коммунал. дық шаруа. шылық, Денсау. лық сақтау; Еңбек, халық. ты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департамент. тері; Әділет; базарлардағы сауданы ұйымдастыру және бір жолғы талондарды беру; Коммуналдық меншік; Көлік және байланыс; Мемлекеттік санитарлық-эпидемиология. лық қадағалау; Ақпарат және қоғамдық келісім; қаланың Сыртқы жарнама және безендіру; | Жыл сайын маусым, желтоқ. сан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Статистика; Мемлекеттік өртке қарсы қызмет басқармалары; "Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық" РМК, "Пәтер бюросы" МКК. | |
| 3.9. | "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының сақталуын бақылауды күшейтсін. | Әкімдікке ақпарат | Мемлекеттік органдар мен кәсіпорындар, мемлекеттік үлесі бар акционерлік қоғамдар | Тұрақты |
| 3.10. | Астана қаласы әкімі аппаратында (бюджет-қаржы мониторингі және мемлекеттік сатып алулар және мемлекеттік-құқық бөлімдеріне) мемлекеттік сатып алулардың жылдық жоспарын ұсыну. | Мемлекеттік сатып алулардың жылдық жоспары | Астана қаласы бюджеттік бағдарламаларының әкімгерлері. | Қаңтар, жыл сайын |
| 3.11. | Тәртіптік кеңес қызметінің тиімділігін арттыратын шараларды әзірлеп, енгізу. | Әкімдікке ақпарат | Тәртіптік кеңес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің басқармасы, Астана қаласы әкімі | 2003 жылдың тамызы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | аппаратының Мемлекеттік құқық бөлімі | |
| 3.12. | Мемлекеттік акция пакеттеріне диви. денттердің уақытылы аударылуына бақылау. ды күшейту. | Әкімдікке ақпарат | Коммуналдық меншік басқармасы, "Коммуналдық меншік қоры" МКК. | Тоқсан сайын |
| 3.13. | Коммуналдық меншік объектілерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының уақытылы төленуіне бақылауды күшейту | Әкімдікке ақпарат | Коммуналдық меншік басқармасы, Тұрғын үй департаменті. | Тоқсан сайын |
| 3.14. | Мемлекеттік меншік. тегі жер ресурстарын пайдаланғаны үшін жалдау ақысының уақытылы төленуіне бақылауды күшейту. Жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін жер учаскелерін босатпаған жағдайда сот органдарына шағымдану өтініште. рінің уақытылы берілуін қамтамасыз ету. | Әкімдікке ақпарат | Жер ресурста. рын басқару жөніндегі комитеті, Қалалық жер инспекциясы. | Тоқсан сайын |
| 3.15. | Мемлекеттік мүддеге шек қойған жағдайда сот органдарына шағымдану өтініште. рін уақытылы беру. | Әкімдікке ақпарат | Мемлекеттік органдар. | Жыл сайын шілде, қараша |

4. "Жасырын экономикаға" - жемқорлық көзіне қарсы әрекет

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4.1. | Қаржы-банк және | Әкімдікке | Прокуратура, | Жыл |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | несие саласындағы жемқорлық фактіле. рін анықтау және жол бермеу жөніндегі жедел-іздестіру жұмыстарын күшейту, ақшалай қаражаттардың және тауарлық-мате. риалдық құндылық тардың орналасуына бақылауды күшейту. | ақпарат | ҚПД, ІІББ, Салық комитеті. | сайын 3-тоқсан |
| 4.2. | Шетел инвестиция. ларын, мемлекеттік займдар мен несиелер дің, сондай-ақ мемле. кеттік кепілдікке мемлекеттік займдар. дың мақсатсыз пайда. ланылу фактілерін анықтау; Банктік құрылымдарда криминалдық ақшалар алу фактілерін анықтау; Мемлекеттік меншік объектілерін шетелдік және отандық заңды тұлғалардың басқа. руына тапсыру заңдылықтары; Экономикалық контра. банда және шикізат ресурстарын ұрлау фактілерін анықтау; Мемлекеттік тұлғалар. дың мемлекеттік рет. теуде табиғи монопо. лиялар саласындағы жекелеген ұйымдар | Әкімдікке ақпарат | ҚПД, ІІББ, ҰҚКД, Салық комитеті, Қаржылық бақылау басқармасы, Прокуратура, Қазақстан Республикасы Табиғи моно. полияларды реттеу, бәсекелес. тікті қорғау жөніндегі агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті. | Тұрақты |

мен шетелдік ком. паниялардың мүд. делерін лоббилендіру фактілерін анықтау; Жемқорлықпен айналы. сатын лауазымды тұлғаларға байланысты ұйымдасқан қылмыстық топ қызметінің жолын кесу бағыттары бойынша келісілген ведомствоаралық және жедел-алдын алу іс-шараларын жүргізу.

5. Мемлекеттік жемқорлыққа қарсы саясатты насихаттау

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5.1. | Қала тұрғындарын пайда болған жемқор. лыққа теріс көзқа. расын қалыптастыру үшін БАҚ белсенді тарту. | Әкімдікке ақпарат | ІІББ, Прокуратура, ҰҚКД, КБ, ҚПД, Ақпарат және қоғамдық келісім бас. қармасы, қала әкімінің баспасөз қызметі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөнін. дегі агентті. гінің басқар. масы, Әділет басқармасы, Тәртіптік кеңес. | Тұрақты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5.2. | Қоғамдық ұйымдардың, БАҚ қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбында "дөңгелек үстел" мәжілісін өткізу. | Әкімдікке ақпарат | ІІББ, Прокуратура, ҰҚКД, КБ, ҚПД, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің басқармасы, Әділет басқармасы, Тәртіптік кеңес, Астана қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөлімі. | Тоқсан сайын |
| 5.3. | Сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қарсы күреске бағытталған оңтайлы тәжірибені БАҚ-да жариялап тұру. | Әкімдікке ақпарат | ҚПД, ІІББ, Прокуратура, ҰҚКД, Салық комитеті, Ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, қала әкімінің баспасөз қызметі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің басқармасы, Әділет басқармасы, Тәртіптік | Тұрақты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | кеңес, Ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, қала әкімінің баспасөз қызметі. |
| 5.4. | Қалалық БАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметі туралы материалдармен, баспасөзде, теле- және радио бағдарламаларда жариялау үшін мәліметтермен қамтамасыз етуге жәрдем көрсету. | Әкімдікке ақпарат | Ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, ІІББ, ҰҚКД, ҚПД, Прокуратура, Салық комитеті, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің басқармасы, Әділет басқармасы, Тәртіптік кеңес, Астана қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық басқармасы. |

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте

халықаралық ынтымақтастықты дамыту

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6.1. | Халықаралық шарттар аясында халықаралық ұйымдармен және басқа елдердің құқық қорғау органдарымен, бірінші кезекте ТМД елдерімен және Қазақстанмен шекаралас мемлекеттермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресудің құқықтық мәселелері жөніндегі ынтымақтастықты жүзеге асыру. | Әкімдікке ақпарат | ҰҚКД, | Тұрақты Прокуратура, ІІББ, ҚПД, Әділет басқармасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің басқармасы, Астана қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөлімі. |
| 6.2. | Қазақстандық мамандардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасы айтарлықтай іске асқан елдерден тәжірибе алуын ұйымдастыру. | Әкімдікке ақпарат | ҰҚКД, | Тұрақты Прокуратура, ІІББ, ҚПД, Әділет басқармасы, Қаржылық бақылау комитеті. |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК